

Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2021 жылға арналған шекті мәндерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 243 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 сәуірде № 166 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8 бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодексінің 117-бабының 1-тармағына және "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2021 жылға арналған шекті мәндері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары А. Сәттібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің
"16" сәуірдегі 2021 жылғы
№ 243 қаулысына қосымша

Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2021 жылға арналған шекті мәндері

№ п/п	Тауарлар атауы	Бірінші тоқсан	Екінші тоқсан	Үшінші тоқсан	Төртінші тоқсан
	Тазартылған күріш (домалак)				

1.	дәнді, өлшеніп салынатын), кг	324 тг	341 тг	368 тг	329 тг
2.	Бірінші сортты бидай ұны, кг	184 тг	177 тг	180 тг	189 тг
3.	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), кг	391 тг	431 тг	430 тг	484 тг
4.	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), кг	156 тг	149 тг	153 тг	150 тг
5.	Рожки (өлшеніп салынатын)	313 тг	297 тг	298 тг	302 тг
6.	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), кг	2003 тг	2082 тг	2123 тг	2055 тг
7.	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), кг	879 тг	861 тг	890 тг	912 тг
8.	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада, л	234 тг	238 тг	238 тг	249 тг
9.	Айран, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада, л	263 тг	253 тг	254 тг	259 тг
10.	Сүзбе: майлылығы 5-9 %, кг	2154 тг	2061 тг	2071 тг	2090 тг
11.	Тауық жұмыртқасы (I санатты), 10 дана	322 тг	306 тг	338 тг	344 тг
12.	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5 % толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), кг	2460 тг	2352 тг	2414 тг	2441 тг
13.	Күнбағыс майы, л	514 тг	517 тг	529 тг	541 тг
14.	Ақ қауданды қырыққабат, кг	101 тг	65 тг	103 тг	84 тг

15.	Басты пияз, кг	88 тг	106 тг	59 тг	78 тг
16.	Асханалық сәбіз, кг	130 тг	161 тг	108 тг	109 тг
17.	Картоп, кг	146 тг	148 тг	106 тг	136 тг
18.	Ақ қант - құмшекер, кг	253 тг	244 тг	234 тг	243 тг
19.	Ас тұзы ("Экстра" - дан басқа), кг	55 тг	58 тг	56 тг	57 тг

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК